ТЕАТР САХНАСЫНДА ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

Жексенбі күні Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрында А.Островскийдің әйгілі «Доходное место» комедиясы сахналанды. Қойылым бұған дейін былтыр 27-28 қараша күндері алғаш рет көрерменге жол тартқан болатын.

Спектакльде адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырған жас жігіттің өмір жолы көрсетіледі. Ол әділ қызмет етуді қалайды, бірақ айналасынан пара мен танысқа сүйеніп, жеңіл жолмен мансап жасағысы келетін адамдарды көп кездестіреді. Қойылымда сол адалдық пен жеңіл өмір арасындағы таңдау, адамның ар-ұжданы сынға түскен сәттер ашық суреттеледі.

Бұл қойылым ең алғаш рет былтыр күзде сахналанған. Театр директорының орынбасары Жандос Еспанбетовтің сөзінше, ұжым репертуарына енген әр қойылым бес мәрте сахналанғанша премьера деп саналады.



Қойылымның режиссері — «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жеңісбек Қалқабеков. Қоюшы-суретші — «Мәдениет қайраткері» атағының иегері Әсия Құрманалина. Дыбыс режиссері — мәдениет саласының үздігі Тимур Ерімбетов. Режиссердің көмекшісі — Татьяна Кинжибаева.

— Спектакльде барлығы 12 актер өнер көрсетті. Басты рөл — Жадов бейнесін театрдың жас актері Нариман Костыр сомдады. Ол кейіпкердің жан дүниесін, ар-ождан алдындағы күресін шынайы көрсете білді. Оны көрерменнің қошеметінен сезуге болады.

Спектакльді сахналауға шамамен үш айға жуық уақыт дайындық жүргізілген болатын. Премьераны көрермен өте жақсы қабылдап, екі күн қатарынан залда аншлаг болды, — деді Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының әдебиет бөлімі меңгерушісі Жансая Дәулеткерей.

Айта кету керек, қаңтар айында театрда шамамен 15-ке жуық қойылым жоспарланған. Биыл қазақ труппасы өзінің 35-маусымын, ал орыс труппасы 61-маусымын өткізуде.

Айдана АЛТЫБАЕВА.

Кәсіпоқақ

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ – ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КЕПІЛІ

Ақтөбеде мәдениет, спорт және ақпарат саласы қызметкерлерінің қатысуымен «Ұжымдық шарт — еңбек құқықтарын қорғаудың кепілі» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Маңызды жиынға облыс көлеміндегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Семинардың басты мақсаты — ұжымдық шарттың еңбек қатынастарындағы рөлін түсіндіру, қызметкерлердің құқығын қорғау тетіктерін жетілдіру және әлеуметтік әріптестікті нығайту болды. Іс-шара барысында еңбек заңнамасындағы өзекті мәселелер, оны қолдану тәжірибесі және кәсіподақтардың бұл бағыттағы жауапкершілігі кеңінен сөз етілді.

Семинарда спикер ретінде Еңбек инспекциясы комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің еңбек саласын бақылау және талдау бөлімінің бас маманы Лейла Есалиева, сондай-ақ білім салалық кәсіподағының заңгері Александр Алимпиев мазмұнды баяндама жасады. Олар ұжымдық шарттарды дұрыс әзірлеу, еңбек дауын шешу жолы және қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқығын қорғаудағы нақты тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар-кеңес соңында үздік нәтижелерімен көзге түскен бастауыш ұйымдары марапатталды. Атап айтқанда, Шалқар қаласындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған №2 спорт мектебі мен Мәртөк аудандық Мәдениет үйінің ұжымдары «Үздік бастауыш ұйым» атанды. Сондай-ақ бастауыш кәсіподақ ұйымдарының үздік төрағалары мен әлеуметтік әріптестікке белсене атсалысқан ұйымдар арнайы марапатқа ие болды. Оның ішінде «Ақтөбе Медиа» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Дина Әлиева «Үздік бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы» номинациясы бойынша жүлдеге ие болды. Ал Қобда аудандық Мәдениет үйі кәсіподақ ұйымының төрағасы Зәмзагүл Абдуллина мен Байғанин аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің кәсіподақ төрағасы Алпамыс Әбенов үздіктер қатарынан көрінді. Ал «Үздік әлеуметтік серіктес» аталымы бойынша Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының басшысы Дина Ниязова, Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Гүлжайна Бисенғалиева, қысқы спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Ерболат Қуандықұлы марапатталды.

Жиынды қорытындылаған Ақтөбе облысы мәдениет салалық кәсіподағы филиалының төрағасы Назира Табылдинова марапат иелерін құттықтап, еңбектеріне табыс, ұжымдарына бірлік тіледі. Семинар-кеңес қатысушылар үшін тәжірибе алмасуға, өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға және кәсіподақ жұмысының тиімділігін арттыруға зор мүмкіндік болды.

Өз тілшіміз.

Жоба

«КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫЛАР БОЙЫНША ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУГЕ БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСТЫ (ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСТАРЫ) БЕКІТУ ТУРАЛЫ» АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 4 ШІЛДЕДЕГІ №126 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Көрсетілетін қызметті алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты (қосымша білім беруге шығармашылық және спорттық, білім беру тапсырыстары) бекіту туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 4 шілдедегі №126 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1,2-қосымшалары осы қаулыға қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **Аты-жөні**

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы 4 шілдедегі
№126 қаулысына 1-қосымша

Базалық норматив: 4,5 АЕК

БМТ аясында базалық норматив пен түзету коэффициенттерінің, сондай-ақ отбасының жан басына шаққандағы орташа табысының шекті мөлшері

Санат нөмірі	Санат сипаттамасы	Түзету коэффициенті	Түзету коэффициентін айқындау диапазоны	БМТ соммасы, теңге = базалық норматив * түзету коэффициенті
1	Мүмкіндігі шектеулі балалар	1,5	1,5-ден бастап 2-ге дейін	19 463 * 1,5 = 29 195
2	ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар	1,5	1,2-ден бастап 2-ге дейін	19 463 * 1,5 = 29 195
3	Ішкі істер органдарында есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
4	Ата-анасының біреуі мүгедек болып табылатын отбасылардан шыққан балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
5	Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
6	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
7	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
8	Көпбалалы отбасынан шыққан балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
9	Отбасының жан басына шаққандағы кірісі шекті мөлшерден төмен болатын өзге санаттағы балалар	1	1-ден (қоса алғанда) 1,5-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463
10	Отбасының жан басына шаққандағы кірісі шекті мөлшерден жоғары болатын өзге санаттағы балалар	1	0,5-тен (қоса алғанда) 1-ге дейін	19 463 * 1 = 19 463

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы 4 шілдедегі
№126 қаулысына 2-қосымша

Пилоттық жобаны іске асыру үшін 2026 жылға арналған Бірыңғай мемлекеттік тапсырыстың көлемі

№	Бағыт атауы	Тапсырыс көлемі
1	Білім, шығармашылық, спорт	2 144 280 938 теңге
Барлығы		2 144 280 938 теңге

Ауқым

ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ – ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП ПЕН АШЫҚТЫҚ ҚҰРАЛЫ

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті былтыр мемлекеттік қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында онлайн бюджеттік мониторинг жүйесін тұрақты негізде қолданды. Аталған цифрлық жүйе бюджеттік шығыстарды нақты уақыт режимінде бақылауға, тәуекелдерді ерте кезеңде анықтауға және қаржылық тәртіпті нығайтуға мүмкіндік берді.

Онлайн бюджеттік мониторинг — бюджеттік қаражаттың қозғалысын автоматтандырылған түрде талдайтын заманауи цифрлық платформа. Жүйе арқылы орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қаржы игеруі бойынша деректер жинақталып, талданып, тәуекел белгілері анықталған жағдайда уәкілетті органдарға жедел хабарлама жолданады. Бұл өз кезегінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алуға және бюджет қаражатын тиімді басқаруға ықпал етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Онлайн бюджеттік мониторинг» жүйесі арқылы білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салалары бойынша 4169 тәуекел қаралып, жалпы сомасы 2 165,2 млн теңгені құрайтын 318 хабарлама жолданды. Мониторинг барысында білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салалары бойынша жалпы сомасы 73 265,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Бүгінгі таңда анықталған тәуекелдер бойынша бұзушылықтарға уақтылы алдын алу шаралары қабылданып, қаржылық бұзушылықтар бюджетке толық өтелді. Анықталған бұзушылықтарға жол берген 1 мектеп директорына және 1 бас есепшіге «қатаң сөгіс», 1 бас есепшіге «сөгіс», 30 қызметкерге «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылып, 1 қызметкер жұмыстан босатылды. Бұл жүйенің мемлекеттік қаржыны басқарудағы тиімділігін және ашықтықты қамтамасыз етудегі маңыздылығын көрсетеді.

Онлайн бюджеттік мониторинг жүйесі қазіргі таңда мемлекеттік қаржы саласында ашықтықты арттыруға, қаржылық тәртіпті нығайтуға және бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құрал ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Алдағы уақытта жүйені одан әрі жетілдіру және қамту аясын кеңейту мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Б.ЕҢСЕПОВА,
жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің бас маманы.

«Invest Oil Trade» ЖШС

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 23 ақпанда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылдық округі, Бестамақ ауылы, Бөкенбай батыр көшесі, 10Б ғимараты, Мәдениет үйінде «Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» жобасы, «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы» материалдары бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайтарынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайттарында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме:
https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBKcFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09.

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wrUKe.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Ақтөбе қаласы, 12-шағын аудан, 21Г үй, 1а н.п., 2-қабат, 2Г-9 кабинет.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Invest Oil Trade» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, 12-шағына удан, 21Г үй, 1а н.п., 2-қабат, 2Г-9 кабинет.Телефон нөмірі: 8 (7132) 45-51-61.Электронды пошта: Info@investoiltrade.kz.

Жобаның әзірлеушісі: «E.A.Group Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50. БСН: 190540023876. Тел: +7 705 478 00 43.

ЕСКЕ АЛУ

Ақтөбе қаласы
Мырзатай Қарбызбайұлы ҚАРБЫЗБАЕВ
(20.01.1956 ж. — 30.06.2007 ж.)

Ардақты әкеміз, асыл азамат Мырзатай Қарбызбайұлы тірі болса, бүгін 20 қаңтар күні 70 жасқа толар еді. Сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 18 жылдан асты. Отбасына бәйтеректей сая болған, айналасына сыйлы, құрметті бола білген аяулы әкемізді сағынышпен еске аламыз.

Әкем менің!
Айбынды едің, асқар ең,
Ұрпағыңды тура жолға бастап ең.
Ұлдарыңды желбіретіп жалаудай,
Қыздарыңа құшағыңды ашқан ең.

Келер едің 70 деген асуға,
Көңіл бүгін алай-түлей тасуда.
Немерелер ортасында марқайып,
Отырар ең төрімізде шалқайып.
Амал нешік, арамызда жоқсыз ғой,
Дұға етеміз өзің үшін қол жайып...

Ардақты әке, жарқын бейнеңді ешқашан ұмытпаймыз. Топырағың торқа болсын, жаның жәннатта шалқысын деп Алладан тілейміз.

Еске алушылар: зайыбы, балалары.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Кәмшат ҚОПАЕВА,
Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдығүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11894 Тапсырыс №73

Нөмірдің кезекші редакторы
Данагүл Қазихан